

Тексерілді:

«Нұрби» мектеп-бөбекжай-балабақша  
кешені меңгерушісі  Мираманова М.А.

# Ашық оқу қызметтері

Тақырыбы: «Үй жануарлары»

Орындаған: Амирова Ж.А.

**Тақырыбы:** Үй жануарлары.

**Мақсаты:** Үй жануарларының мекен ету ортасы, қоректенуі туралы түсінік беру. Жұмбақ, көрнекіліктер пайдалана отырып, үй жануарларын қорғауға қамқор болуға үйрету. Төлдерінің аттарын атай және ажырата білуге үйрету. Үй жануарларына сүйіспеншілікпен тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Жануарлар макеті, атрибуттар, суреттер.

**Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелесу, сұрақ-жауап.

**Билингвалды компонент:** түйе-верблюд, сиыр-корова, қой-баран.

Қызмет түрі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалар іс-әрекеті
<p>Мотивациялық Қозғаушы</p>	<p>- Балалар, таңертең көзімізді ашып ояғанда терезеге қарасақ, ең алдымен біз нені көреміз? - Дұрыс, күнді көреміз. - Күн бізге не береді? - Олай болса бір-біріміздің қолымыздан ұстап бүгін бізге келген қонақ-апайлармызға жылы лебізімізді білдірейік. Шаттық шеңбері: Күннің көзі ашылып, Көкке шуақ шашылып. Төрімізге еніпті, Амандасу үлкенге. Тәрбиенің басы ғой! Ал, қанекей, бәріміз, Сәлем дейік үлкенге.</p>	<p>Күнді Жылу береді, нұр береді</p> <p>Балалар жылуылық шеңберін жасап, орындарына жайғасады</p>
<p>Ұйымдастыру-ізденушілік</p> <p>Жетекші-жөндеуші</p>	<p>-Ал, балалар бүгінгі оқу іс-әрекетіміз ерекеше болмақ. Себебі, мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер қандай тақырыпта әңгімелейтінімізді табатын боласыңдар. Жұмбақ жасыру: 1. Өзі ірі жануар, Үстінде екі тауы бар. Ол не? 2. Басында мүйізі бар, Үстінде киізі бар. Ол не? 3. Аласа ғана бойы бар, Айналдыра киген тоны бар. Ол не? Дұрыс таптыңдар. Балалар, енді осы жануарларды қазақ-орыс тілдерінде қалай аталатынын бірге қайталайық. Билингвалды компонент: Түйе-верблюд, Сиыр-корова, қой-баран. -Бұл жануарлар орманда өмір сүре ме, әлде үйде ме? Дұрыс айтасыңдар. -Балалар, бүгінгі іс-әрекетіміз «Үй жануарлары» туралы болмақ. -Ал, балалар үй жануарлары туралы тақпақтар білесіңдер ме? (Балалар тақпақтарын айтып шығады)</p> <p>-Жарайсыңдар! (Үстел үстіндегі үйдің, қораның және жануарлардың макеттеріне балалардың назарын аудару) -Балалар, қараңдаршы үй жануарлары үйде мекен етеді екен. -Үй жануарларының тұратын жерін не деп атаймыз? -Үй жануарлары немен қоректенеді екен? -Дұрыс айтасыңдар. -Мынау- сиыр, ол бізге не береді?</p>	<p>Балалар ойлана қызығамсынып қарайды.</p> <p>Түйе Сиыр Қой</p> <p>Қазақша-орысша сөздерді айта біледі</p> <p>Бұл жануарлар үйде өмір сүреді -Азамат: Қой сүйеді баласын қоңырым деп, ештеңені білмейтін момыным деп -Бақкелді: Сиыр сүйеді баласын торпағым деп, қараңғы баспаған қорқағым деп -Бота: Түйе сүйеді баласын боташым деп, Жаудыра көзіңнен тоташым деп. -Ділдә: Ешкі сүйеді баласын тасқа деп, Тастан тасқа секір шұнағым деп. -Нұртілек: Жылқы сүйеді баласын құлыным деп, тұлпар бұл жүгірер жұрыным деп. -Балалар таңдана назар салып қарайды. -Қора. -Жем, шөп жейді. -сүт, май, қаймақ, айран ірімшік береді. -Мінсе-көлік болады, қызыл береді, етін жейміз.</p>

	<p>-Ал, мынау жылқы, халқымыз жылқы малын керемет бағалаған.  -Жылқының бізге қандай пайдасы бар, бізге не береді?  -Мынау- қой, ол бізге не береді?</p> <p>-Мынау- түйе, оның дене құрылысы ерекше, ол бізге не береді?  -Ал, мынау –ешкі, ол бізге не береді?  -Жарайсыңдар! Үй жауарлары өте пайдалы екен.  Сергіту сәті:  Бала бала балақан,  Қәне қайсы алақан.  Саусақтарын әйбат,  Былай-былай ойнат.</p> <p>-Ал, енді балалар, « Жыл басына таласқан хайуанаттар» туралы ертегіні өзіміз ойнап шығайық.  - Ертегіші: Ерте-ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде. Бұрынғы өткен заманда жануарлар ұзақ пікір таластырыпты, түн ортасы ауғанша дауласыпты. Тек тышқан ғана тіс жармапты. Ақырында бәрі шаршаған кезде, тіпті түйе түгілі, әтештің өзі сыбырлап сөйлейтін дәрежеге түскенде, тышқан өз ұсынысын айтыпты.</p> <p>-Ертегіші: Осы кезде барлығы таласып: «Біз көреміз, біз көреміз», - деп тұрғанда, тышқан айқай салады.</p> <p>-Ертегіші: Түйе бойына сеніп, жыл басынан құр қалыпты.  -Рахмет балалар.  -Ал, енді балалар осы жерден бір ойын ойнап жіберейік.  Д/О: « Даусынан таны».  Ұжымдық жұмыс: Бос қораны үй жануарларымен толтырайық.  Шарты: Бос қораға үй жануарлары және төлдерін жапсырып, төлдерінің аттарын ажыратып айта білуі керек.  -Жарайсыңдар балалар, сендер жапсырған жанурлармен қорамыз толды.</p> <p>-Балалар,біз бүгін қандай жануарлармен таныстық? Қане біртіндеп үй жануарларын атайықшы?</p> <p>-Балалар, жыл басына қандай жауарлар таласты?  -Жыл басы қандай жануар болды?  -Біз қораға қандай жануарларды жапсырдық, атайықшы?  -Рахмет балалар бүгінгі іс-әрекетке өте жақсы қатыстыңдар.</p>	<p>-Етін жейміз, жүнінен киімдер тоқимыз.  -Қымыран ішеміз, жүні пайдалы.  -Сүтін ішеміз, етін жейміз.  -Сергіту сәтін іс-қимыл жасады.  -Балалар назар аударып ертегіні сахналайды.  -Тышқан: (Бота)  Бұл таласқаннан еш не шықпайды. Келіндер, бәріміз мынаған келісейік!  Таңертең күнді кім бірінші көрсе, сол- жыл басы болсын.  -Ит:(Азамат)  Дұрыс, дұрыс.  -Ұлу:(Ділде)  Тышқан тура айтады!Осыған келісейік!  -Тауық: (Жанель)  Ай, қандай ақылды!  -Түйе:(Бағжан)  Онда қайтеміз, шығысқа қарай бұрылайық, күнді тосып тұрайық!  -О тышқан сен ақымақ!  Шынымен-ақ күнді бірінші көремін деп ойлайсың!  -Тышқан: (Бота)  Уақытында байқап көрейік!  -Түйе:( Бағжан)  Сенің сенетін түгің жоқ!  Бәрінен биікпін, демек мен шығуын басқалардан емес мен бірінші көремін.  -Тышқан:(Бота)  О, алақай, алақай күнді көрдім!  -Ойынды қызыға ойнады.  -Жауарларды жапсырып шығады.  -Үй жануарларымен.  -сиыр, қой, ешкі, түйе, жылқы.  -Балалар жауап береді.  -Тышқан.  -Балалар сұраққа жауап беріп, іс-әрекеттеріне қуанады.</p>
--	--	---

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білді:** Балалар жануарларды және төлдерін ажырата біледі.

**Нені игереді:** Балалар тақырыпты толық игереді және ойлау қабілеттері дамиды.

**Нені меңгереді:** Балалар желіммен үй жануарлары мен төлдерін ұқыпты түрде жапсыра алады.